

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ  
БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ  
Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУАЗИЯ  
ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ

МИНИСТЕРСТВО ОБРАЗОВАНИЯ И НАУКИ  
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН  
ЕВРАЗИЙСКИЙ НАЦИОНАЛЬНЫЙ УНИВЕРСИТЕТ  
ИМЕНИ Л.Н. ГУМИЛЕВА

MINISTRY OF EDUCATION AND SCIENCE  
OF THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN  
L.N. GUMILYOV EURASIAN NATIONAL UNIVERSITY

## «TURKLANG 2022»

«Түркі тілдерін компьютерлік өңдеу»  
атты X халықаралық конференция  
ЕҢБЕКТЕРІ

ТРУДЫ

X Международной конференции  
«Компьютерная обработка тюркских языков»

## «TURKLANG 2022»

PROCEEDINGS

of the X International Conference  
on Computer processing of Turkic Languages

## «TURKLANG 2022»

16-18 маусым  
Нұр-Сұлтан, 2022



**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ  
БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ  
Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ**

**МИНИСТЕРСТВО ОБРАЗОВАНИЯ И НАУКИ  
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН  
ЕВРАЗИЙСКИЙ НАЦИОНАЛЬНЫЙ УНИВЕРСИТЕТ  
ИМЕНИ Л.Н. ГУМИЛЕВА**

**MINISTRY OF EDUCATION AND SCIENCE OF  
THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN  
L.N. GUMILYOV EURASIAN NATIONAL UNIVERSITY**

**«TURKLANG 2022»  
«Түркі тілдерін компьютерлік өңдеу»  
атты X халықаралық конференция  
ЕҢБЕКТЕРІ  
16-18 маусым 2022 ж.**

**ТРУДЫ  
X Международной конференции  
«Компьютерная обработка тюркских языков»  
«TURKLANG 2022»  
16-18 июня 2022 г.**

**PROCEEDINGS  
of the X International Conference  
on Computer processing of Turkic Languages  
«TURKLANG 2022»  
16-18 June 2022**

Нұр-Сұлтан, 2022

**УДК 80/81:004**  
**ББК 81.2:32-973**  
**Т 90**

**Техникалық редакция:**

Ергеш Б.Ж.  
Елибаева Г.К.  
Турсынова Н.А.

**Т 90** ТҮРКІ ТІЛДЕРІН КОМПЬЮТЕРЛІК ӨНДЕУ. X халықаралық конференция: Еңбектері = КОМПЬЮТЕРНАЯ ОБРАБОТКА ТЮРКСКИХ ЯЗЫКОВ. X международная конференция: Труды. / - Нұр-Сұлтан: «Булатов А.Ж.» ЖК, 2022.= Нур-Султан: ИП «Булатов А.Ж.»

**ISBN 978-601-326-645-9**

Жинақта «Түркі тілдерін компьютерлік өңдеу» атты X халықаралық конференция қатысушыларының баяндамалары енген.

Компьютерлік лингвистика бағыты бойынша оқитын студенттерге, магистранттарға, докторанттарға және мамандарға арналған.

Жинақ «BR11765535» Қазақ тілі мәдениетін арттыру және функцияларды кеңейту бойынша ғылыми-лингвистикалық негіздер мен IT-ресурстарды әзірлеу» бағдарламасы есебінен жарияланды.

В сборнике представлены доклады участников X международной конференции «Компьютерная обработка тюркских языков».

Предназначен для студентов, магистрантов, докторантов и специалистов специализирующихся в областях компьютерной лингвистика.

Сборник издан за счет средств программы BR11765535 «Разработка научно-лингвистических основ и IT-ресурсов по расширению функций и повышению культуры казахского языка».

**УДК 80/81:004**  
**ББК 81.2:32-973**

**ISBN 978-601-326-645-9**

© Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, 2022

© Евразийский национальный университет им. Л.Н. Гумилева, 2022

*ӘОК 81-13**Қожахмет А. Қ.**Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті**Нұр-Сұлтан, Қазақстан**a\_kozhakhmet@mail.ru*

## **ҒЫЛЫМИ МӘТІНДІ ОҚЫТУДЫҢ ТАНЫМДЫҚ СИПАТЫ**

**Андатпа.** Мақалада ғылыми мәтінді оқытудың танымдық сипаты жайында зерттеулер жүргізілді. Бұл – мемлекеттік деңгейде маңызы зор мәселе. Сол себепті бүгінде білім алушылар арасында ғылыми мәтінді оқыту басты назарға алынып жүр. Әсіресе, ғылыми мәтіннің танымдық ерекшелігін ескере отырып оқыту тиімді болып саналады. Кез келген ойдың түпкі тамыры танымнан бастау алады. Таным кез келген ғылыми мәтіннің ұлттық ерекшелігін танытады. Жұмыста ғылыми мәтінді оқытудың танымдық сипаты ғылыми терминдерді оқытумен байланыста қарастырылды. Себебі ғылыми мәтіннің ең негізгі белгісі терминдердің қолданысы. Тақырыпты ашу мақсатында ғылыми мәтінді оқытуға қатысты ғалымдардың оқулықтары негізге алынды.

**Түйін сөздер:** ғылыми мәтін, ғылыми мәтінді оқыту, терминология, таным, ғылым тілі.

*УДК 81-13**Қожахмет А. Қ.**Евразийский национальный университет имени Л.Н. Гумилева**Нур-Султан, Казахстан**a\_kozhakhmet@mail.ru*

## **ПОЗНАВАТЕЛЬНЫЙ ХАРАКТЕР ОБУЧЕНИЯ НАУЧНОМУ ТЕКСТУ**

**Аннотация:** В статье исследуется познавательная природа обучения научному тексту. Это важный вопрос на государственном уровне. Именно поэтому сегодня основное внимание уделяется обучению студентов научным текстам. Преподавание научного текста особенно эффективно с учетом познавательных особенностей. В основе любой мысли лежит познание. Познание отражает национальное своеобразие любого научного текста. Познавательный характер обучения научному тексту рассматривается в связи с обучением научных терминов. Потому что главной особенностью научного текста

является использование терминов. Для раскрытия темы использовались учебники ученых по преподаванию научных текстов.

**Ключевые слова:** научный текст, обучение научному тексту, терминология, познание, язык науки.

*UDC 81-13*

***Kozhakhmet A.***

*L.N. Gumilyov Eurasian National University*

*Nur-Sultan, Kazakhstan*

*a\_kozhakhmet@mail.ru*

## **COGNITIVE NATURE OF TEACHING A SCIENTIFIC TEXT**

**Abstract:** The article explores the cognitive nature of teaching a scientific text. This is an important issue at the state level. That is why today the main attention is paid to teaching students about scientific texts. Teaching a scientific text is especially effective in view of cognitive features. At the heart of any thought is knowledge. Cognition reflects the national identity of any scientific text. The cognitive nature of teaching a scientific text is considered in connection with the teaching of scientific terms. Because the main feature of a scientific text is the use of terms. To reveal the topic, textbooks of scientists on teaching scientific texts were used.

**Keywords:** scientific text, teaching scientific text, terminology, cognition, language of science.

Ғылыми мәтінді ұлттық таным негізінде оқыту – бүгінгі күннің маңызды мәселелерінің бірі. Қазақстан Республикасының Президенті Қ.Тоқаев «Халық бірлігі және жүйелі реформалар – ел өркендеуінің берік негізі» атты Жолдауында білім беру саласына, әсіресе ғылымды дамытуға ерекше екіпін түсіреді. Ғылымды ұлтпен сабақтастықта дамыту ғылыми мәтінді сапалы жазу мен оқытуға келіп саяды.

Ғылыми мәтінді оқыту қазақ ғылым тілін дамыту үшін маңызды. Ғылым тілінің дамуы, әлбетте, терминдердің жүйеленуімен байланысты. Термин түзуде негізге алынатын бірден-бір ұғым – таным. Себебі кез келген ойдың түпкі тамыры танымнан бастау алады. Танымның негізінде уәж, ассоциация, болжам сынды ұғымдар жатыр. Термин түзуде де осы ұғымдар қолданылады. Кез келген тілдік бірлік танымдық, психологиялық, философиялық саралаудан өтіп барып ойға айналады. Бұл үдеріс термин түзуде де жасалады.

Қазақ терминдері қазақтың тілдік бірліктерімен түзілгені қашанда абзал. Ғалым Ш.Құрманбайұлының «Қазақ тілінің терминологиялық

қорының қалыптасуына негіз болған басты көз ұлт тілінің өз байлығы екендігі сөзсіз. Оның бастауларын әріден, түркі тілдерінен, төл тіліміздің тармақталып дербес даму тарихымен қараған жөн» [Құрманбайұлы, 2014, 303 б.] деген пікірі ойымызға дәлел болмақ. Қазақ терминологиясын ұлттық таным негізінде қалыптастыру қағидатын алға қойған А.Байтұрсынұлының қазақ тіл білімі мен әдебиеттану салаларына қатысты терминдері бүгінде қазақ тіл білімі мен әдебиеттануының ғылыми аппаратына айналып отыр. *Біріншіден*, ғалымның әр термині қазақ халқының болмыс-бітіміне, мәдениетіне, ұлттық танымына сай құрылған болса, *екіншіден*, ұлттық тіліміздің ғылым аренасындағы орнын танытуда жылдар бойы қызмет еткен терминдер болып саналады. А.Байтұрсынұлының «Тіл-құрал» еңбегіндегі *сөйлем, салалас сөйлем, сабақтас сөйлем, құрмалас сөйлем, дыбыс, дауысты дыбыстар, зат есім, сын есім, сан есім, есімдік, етістік, үстеу, қосымша, жалғау, жұрнақ, бастауыш, баяндауыш, толықтауыш, анықтауыш, нысықтауыш*, т.с.с. терминдері ұлттық таным негізінде жасалған терминдердің озық үлгісі болып саналады. Когнитивті лингвистика саласын зерттеуші ғалым Э.Оразалиева А.Байтұрсынұлының зерттеулеріндегі тілдік бірліктерді танымдық аяда қарастыра отырып, мынадай пікір айтқан: «Сөз басын «Аңдату» деп бастап, «...анық көріп, сезіп, біліп тұрған айналамыздағы заттардың бәріне» зер салған ғалым тіл мен танымның тығыз байланысқан арақатынасын өз тұжырымдамасының өзегіне айналдырды. Бұл ретте тілші «адам санасының» үш негізін барлық тілтанымдық фактілерге арқау етті, сөйтіп, тілдің міндетін де осы үш арнадан өрбітті. Олар – ақыл, қиял, көңіл. «Ақыл ісі – аңдау, яғни нәрселердің жайын ұғу, тану, ақылға салып райлау, қиял ісі – меңзеу, яғни ойдағы нәрселерді белгілі нәрселердің тұрпатына, бернесіне ұқсату, бернелеу, суреттеп ойлау, көңіл ісі – түйю, талғау» дей отырып, ғалым бүгінгі танымдық лингвистиканың мақсат-міндетін, негізгі ұғымдарын өзектеді» [Оразалиева, 2007, 29 б.]. Сөз саптауда ұстанған осындай қағидаттар негізінде жасалған А.Байтұрсынұлы терминдері қазақ тіл білімі, әдебиеттану салаларын ғылыми тұрғыда қалыптастырды әрі осы салаларды бүгінгі тұғырына жеткізді. Қай елдің термині болмасын, ол сол елдің тілдік ерекшеліктерінен, мәдениетінен, ділінен, танымынан хабар беруі тиіс. Себебі термин ғылым тілінің бір бөлшегі ғана емес, ол – ұлтты танытушы құралдардың бірі. Осы қағидат негізінде жазылған С.Қожанұлының «Есептану құралы», Ж.Күдериннің «Өсімдіктану», Е.Омарұлының «Пішіндеме», Ж.Аймауытұлының «Психология», М.Жұмабаевтың «Педагогика» оқулықтары бүгінде ғылыми мәтінді оқытудың негізі болып табылады. Бұл еңбектерде кездесетін *жақша*,

*өлшеуіш, айырым, бөлім, сабақша, тұқымша, аналық, аталық, тікше, ұқсастық, әдіс, әдістеме, кеңес, жанартау* сынды көптеген терминдер әлі күнге дейін ғылыми еңбектерде, күнделікті тұрмыс-тіршілікте қолданылып келеді. Олардың қай-қайсы да қарапайым халық үшін өте түсінікті.

Бүгінгі бекітіліп жүрген терминдер Алаш зиялыларының оқулықтарындағы терминдердей болса, ғылым тілі ұлттық сипатта қалыптасады. 2006-2009 жылдары аралығында ҚР Үкіметі жанындағы республикалық терминология комиссиясымен бекітілген көптеген терминдер халық арасында ұлттық тілде белсенді қолданылып жүр. Мысалы:

Қазақ тілінде	Орыс тілінде
<i>дыбыс</i>	<i>аудио</i>
<i>айқұлақ</i>	<i>собачка (@)</i>
<i>түйіндеме</i>	<i>резюме</i>
<i>мәселе</i>	<i>проблема</i>
<i>сарапшы</i>	<i>эксперт</i>
<i>пайыз</i>	<i>процент</i>
<i>үдеріс</i>	<i>процесс</i>
<i>шатқал</i>	<i>каньон</i>

Кез келген терминнің негізінде уәж бен ассоциация тұрады. Терминнің объективтілігі адресант пен адресат арасындағы байланысты орнатады. Тілімізге сіңіп, ғылым тілінде орнын тауып үлгерген бұл терминдер жалпыхалықтық тілде ұлттық тіліміздегі таңбалануымен қолданылып жүр. Ш.Құрманбайұлының 2014 жылы шыққан «Қазақ терминологиясы» атты еңбегінде терминге қойылатын талаптардың бірі ретінде терминнің уәжділігін көрсеткен. «Терминнің уәжділігі – термин мағынасының ұғынықты, өзі белгілейтін ұғымы жөнінде анық мәлімет беруі» [Құрманбайұлы, 2014, 502 б.]. Уәж бен таңба бір-бірімен үйлесім тапқан терминдерді І.Жарылғаповтың еңбектерінен көруге болады. І.Жарылғаповтың ғылымға енгізген *балмұздақ, оқырман, көрермен, суреткер, қаламгер, аялдама, дүниетаным* деген терминдері бүгінгі күні терминологиялық қорымыздағы сәтті терминдер қатарында. Бұл терминдердің сыртқы формасы мен ішкі мағынасы бір-біріне үйлесімді түзілген. Терминдерді ұлттық мәдениетімізді, ұлттық тәрбиемен қалыптасқан болмысымызды, жылдар бойы жинақталған танымымызды, тәжірибемен жүйеленген аялық білімімізді бір арнаға тоғыстыру арқылы жасаған жағдайда ұлттық терминологияның негізі қалыптасады. Ғалым Ж.Манкееваның «Тіл – тек коммуникативтік құрал

емес, сонымен бірге адам болмысының, оның мәдениетінің көрінісі. Өйткені мәдениет таңба, белгіден тысқары, яғни тілден тысқары өмір сүре алмайды. Адамды түгелдей дерлік таңбалық әлем қоршаған. Өйткені адам болмысының өзі таңбалық, тілдік болмыс. Адам бір мезгілде таңбаны тудырушы да, оны талдаушы да. Тіл – тек денотативті (белгілі сигналдық) коммуникация құралы ғана емес, сонымен бірге коннотативті (белгілі әлеуметтік-мәдени, идеологиялық мәні бар) құрал. Тілде әр халықтың тарихы, оның өмірі, тіршілігі, шаруашылығы мен мәдениеті жатыр» [Манкеева, 2014, 126 б.] деген пікірінен тіл мен ұлттың ажырамас ұғымдар екенін көруге болады. Қазақ терминологиясын ұлттық дәрежеге жеткізу үшін терминдегі ұлт, ұлттағы термин көрінісін зерттеп, соған сәйкес ұлттық сипаттағы терминдер жасау керек. Сол терминдер қазақ тілінде болса, ұлттық тілді ғылыми тұрғыда танытуға мүмкіндік туады. Ұлттық тілде түзілген терминдерді білім алушыларға меңгерту кірме терминдерді меңгертуден әлдеқайда жеңіл. Білім алушы қазақ болса, қазақы тәрбие алса, оған төл терминдерге негізделіп түзілген ғылыми мәтінін оқу тиімді.

Бұл зерттеу жұмысына арқау болып отырған ғылыми мәтінді оқыту мәселесі ғалым С.Әлісжанның еңбектерінен табылады. Ғалымның 2017 жылы студенттерге арналған «Ғылыми дискурстың танымдық негіздері (коммуникативтік-прагматикалық аспект)» атты құралында ғылыми дискурстың белгілері мен ерекшеліктері, негізгі ұғымдары, ғылыми мәтіннің мағыналық құрылымы, ғылыми мәтіндердегі субъект факторы қарастырылған. Еңбек «Ғылыми дискурс: құрылымы мен белгілері», «Ғылыми дискурстағы субъект категориясы» және «Ғылым дискурсты метафоралық модельдеу» деген үш тараудан тұрады. Автор ғылыми мәтін мен ғылыми білім ұғымдарын қатар қолданып, ғылыми білімді мамандардың ғылыми-танымдық іс-әрекетінің нәтижесі деп түсіндіреді. Сонымен қатар ғалым ғылыми мәтіннің танымдық сипатына ғаламның ғылыми бейнесі тұрғысынан келген. Ғылыми мәтінді оқыту әдістемесіне, ғылыми мәтінді жазуға қатысты Б.Динаева мен С.Сапинаның «Академиялық сауаттылықтың теориялық және практикалық негіздері» және Е.Оспановтың «Академиялық жазылым» атты оқу құралдары бар. Бұл екі оқу құралында ғылыми мәтінді оқыту мәселесіне академиялық жазба тұрғысынан келген.

Қорыта айтқанда, ғылыми мәтінді оқыту мәселесі А.Байтұрсынұлы, С.Қожанұлы, Ж.Күдерин, Е.Омарұлы, Ж.Аймауытұлы, М.Жұмабаев сынды ғалымдардың зерттеулерінен басталып, бүгінде осы ғалымдардың ғылымның түрлі саласы бойынша жазылған оқулықтары ғылыми мәтін теориясының, ғылыми мәтінді оқыту әдістемесінің негізі болып отыр. Тілдің танымдық сипатын зерттеу тілдің жаңа қырларын,



яғни коммуникативтік, дискурстық, прагматикалық ерекшеліктерін ашады. Оқыту саласында бұл ерекшеліктерді зерттеу аса маңызды болып саналады. Себебі оқыту үдерісі теория мен практика ғана, онда оқытушы мен білім алушы арасындағы қарым-қатынас, білім алушының ақпаратты қабылдауы, оқытушының интерпретациясы бар. Ғылыми мәтінді ұлтпен сабақтастықта оқыту ең әуелі ұлттық мүддені қорғауға, ұлттық тілді сақтауға, ұлттық ғылымды дамытуға, ұлттық ғылыми тілді қалыптастыруға көмектеседі.

#### **Әдебиеттер тізімі**

1. Құрманбайұлы Ш. Қазақ терминологиясы. – Алматы: Сардар, 2014. – 936 б.
2. Манкеева Ж. Қазақ тіл білімінің мәселелері. – Алматы, 2014. – 640 б.
3. Оразалиева Э. Когнитивті лингвистика: қалыптасуы мен дамуы. – Алматы, 2007. – 312 б.